

Термин сөздерге түсінік

Аллювий – өзен тасығанда шығып қалған құмдар, қиыршық тас-тар және т.б.

Бонтировка – топырақтың сапалылығын бағалау.

Бонитет – топырақ сапасының көрсеткіші.

Геологиялық эрозия – табиғатта болуға тиісті биологиялық процесс, ол топырақты жаңартуға көмегін тигізеді.

Дефляция – топырақ пен борпылдақ тау жыныстарының түйірлерін жел үрлеп ұшыруы.

Дефляция эрозиясы – топырақтың желмен ұшып кету процесі.

Диогенез – шөгінді лайлы жыныстардың қатаюы.

Десукция – өсімдіктердің топырақ суын тамырларымен соруы

Далалық ылғалсыымдылық – ыза суы терең орналасқан жағдайда топырақты үстіңгі жағынан сулағанда топырақтың ұстап қалған су мөлшері.

Ортзандар – тығыз, шірік, қоңыр түсті темірдің қабыршықтары.

Ортштейндер – темір мен марганец тотықтарының кесек немесе тары тәріздес.

Рекультивация – топырақ жамылғысын қайта қалпына келтіру.

Жасанды құнарлық – адамның еңбек нәтежиесінде пайда болады. Табиғи және жасанды құнарлықпен қатар, экономикалық құнарлық құрастырады.

Жерлерді бағалау – құнарлығын және тұрған орны жер учаскелердің сапалық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер бойынша анықтау.

Зонасыз топырақтар – табиғаттың барлық зоналарында өзен бойлары мен ойпатты жерлерде немесе құм жиындары бар жерлерде кездесетін топырақтар.

Ирригациялық эрозия – адамдардың суды дұрыс пайдаланбауынан болатын эрозия.

Кадастр – есеп, салық үшін жер бағасын есептеу

Қалыпсыз топырақтар – өзен мен көлдер аллювилері, жел үйінділері.

Коагуляция – коллоидтардың ертіндіден тұнбаға көшу процесі.

Криогенді су режимі – үнемі тоң болып жататын суға төзімді қабат түзіп, соның нәтижесінде жауын-шашынның аздығына карамастан, жылдың жылы мезгілінде топырақтың суға қанығуы.

Қалыпты зоналық топырақтар – 5 топырақ типінен тұратын құрғақ шөпт топырақтар

Құрғақшылықтың өлі қабаты – аспалы қылтүтік топырақ суының төменгі шегі мен ыза суының қылтүтік жиегінің жоғарғы шегінің арасында, қабат салу ылғалдылығына жақын жатқан ылғалды қалыңдылық.

Гравитациялық су – грунтты топырақта ауырлық күшінің әсерінен қылтүтіктерде ұстап тұрылмай, жоғарыдан төмен жылжи-тын су.

Гигроскопиялық су – топырақтың ауадан сіңіре алатын бу тәрізді ылғалдылықтың ең жоғарғы мөлшері.

Мезорельеф – рельефтің орташа мөлшері. Мысалы, тау аңғарлары, алқаптар, шұңқырлар.

Макрокомбинациялар – мезокомбинациялардың жер бедерінің ірі өзгерістеріне байланысты алмасып отыруы.

Микрорельеф – рельефтің өте ұсақ түрі. Мысалы, ұсақ құм төбелер, сор ойпаңдар және т.б.

Пестицидтер – ауру туғызатын ұсақ бунақденелілерді жою үшін қолданылатын химиялық заттар.

Сорланған топырақтар – құрамында суға тез ерігіш тұздардың біршама мол кездесетін топырақ түрлері.

Сор топырақ – суға тез ерігіш тұздардың топырақтың беткі қабатынан бастап мол кездесуі.

Сортаң топырақ – топырақтың коллоидты кешені негізінен на-трий катионына қаныққан топырақтар.

Солодтар – қалдықты кварц және аморфты кремний балшығы көп топырақтар.

Топырақ-биоклиматтық белдеу – топырақтардың көлбеулі зоналар мен биіктік белдеулердің радиациялық және жылу жағдайларының біртектестігі.

Топырақ-биоклиматтық облыс – топырақ зоналарының тек радиациялық және жылу жағдайлары ғана емес, сонымен қатар ылғалдану және құрғақтану жағдайларының біртектестігі.

Топырақты бонитеттеу – топырақтың табиғи құнарлығын салыстырып бағалау, оларды табиғи қасиеттер бойынша жіктеу.

Топырақ провинциясы – топырақ зонасының кейбір топырақ және оның түзілу ерекшеліктеріне байланысты (ылғалдану, құрғақтану немесе температуралық өзгерістері) – зонаның бір бөлігі.

Топырақ округі – топырақ провинциясының жер бедері топырақ түзуші жынысқа байланысты топырақ жамылғысын біркелкі құрылымда кездесетін топырақ провинциясының бір бөлігі.

Топырақ ауданы – топырақ округінің жергілікті жағдайларға тіпті, кейде әкімшілік бөлінісіне қарай бөлінетін ең кіші бөлігі.

Топырақ зоналары – топырақ түрлерінің түзілуі мен генетикалық қасиеттері өзіндік биоклиматтық жағдайына сай қалыптасқан табиғи аймақтар.

Топырақ типі – топырақ жіктелуінің басты белгісі.

Топырақ құнарлылығы – топырақтың өсімдіктерді өніп-өсуіне қажетті су, қорек элементтерімен қамтамасыз етуі және олардың түсімділігіне керекті жағдай туғызу қасиеті.

Топырақ пісуі – топырақтың жабысқақтығы мен байланысы маңызды агрономиялық қасиеті.

Топырақтың тоңдануы – топырақтың қысқы аяздарда құрамындағы ылғалы мұзға айналып қатуы.

Топырақ тегі – аналық тау жынысы өзгешелігіне орай бөлінетін топырақ бөлігі (кебірленген, сорланған, корбонатты).

Тип – топырақтың жіктелуінің басты белгісі.

Топырақ аймағы – бір немесе екі аймақтық топырақ типінің және осыларға сәйкес интрааймақтық және аймақ ішіндегі топырақ типтері таралған жер кеңістігі.

Топырақ аймақшасы – топырақ аймағына сәйкес таралған бір топырақ типшесі таралған жер аумағы.

Топырақ фациясы – жылу режимінің және жыл мерзімдері ішінде ылғалдылығының ерекшелігі бар топырақ аймағының бір бөлігі.

Топырақ округы және топырақ ауданы – жер бедерінің және топырақ түзуші тау жыныстарының ерекшелігіне байланысты қалыптасқан топырақ жиынтығы бар топырақ өлкесінің бөлігі.

Тиксотропия – мәңгі тонды өлкелердегі топырақтарда кең тараған құбылыс.

Топырақтың тұздануы – өсімдіктер үшін зиянды болып келетін тұздардың топырақтың жоғарғы қабатына жинақталу процесі.

Толық ылғалсыйымдылық – топырақтың толық сумен қанығуы.

Топырақ провинциясы – топырақ және оның түзілу ерекшеліктеріне байланысты топырақ зонасының бір бөлігі.

